

Қазақстан Республикасының теңіз көлігінде экспедиторлық қызметті жүзеге асыру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 7 қазандағы N 1033 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 622 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.08.2015 № 622 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 486 бұйрығын қараңыз.

"Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 17 қаңтардағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының теңіз көлігінде экспедиторлық қызметті жүзеге асыру ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы

7

қ а з а н д а ғ ы

№ 1 0 3 3

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасының теңіз көлігінде экспедиторлық қызметті жүзеге асыру ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының теңіз көлігінде экспедиторлық қызметті жүзеге асыру ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы

" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 17 қаңтардағы Заңына сәйкес әзірленді және жүктерді теңіз көлігімен тасымалдауға байланысты теңіз көлігінде экспедиторлық қызметтер көрсету рыногындағы қатынастарды реттеуге арналған және Қазақстан Республикасының теңіз көлігінде экспедиторлық қызметті жүзеге асыратын барлық жеке және заңды тұлғаларға қ о л д а н ы л а д ы .

2. Ережеде пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

теңіз көлігіндегі экспедиторлық қызмет - жүкті тасымалдауды, оларды жинақтауды/таратуды, буып-түюді, сақтауды, тиеу-түсіру жұмыстарын, жүктерді жөнелту мен алуды қамтамасыз етуді қоса алғанда, олардың қозғалысының барлық сатысындағы оларды тасымалдауға және оларға қызмет көрсетуге байланысты қызметтер көрсетуге, сондай-ақ оларға байланысты қосымша және консультативтік қызмет көрсетуге, құжаттарды алуға, осы қызмет саласындағы тәуекелдің барлық түрлері бойынша баждар, салықтар, өзге де алымдар мен кепілдіктерді төлеуді қамтамасыз етуге сұранысты қанағаттандыруға б а ғ ы т т а л ғ а н қ ы з м е т ;

экспедитор - қызмет түрі құрылтай құжаттарына сәйкес клиенттерге жүкті тасымалдауға байланысты экспедициялық қызметтер көрсету болып табылатын клиентпен көлік экспедициясы шартын жасасқан тұлға;

сенімхат - егер сенімхат экспедитордың міндеттерін орындау үшін қажет болса, оған жүктің клиенті (жөнелтуші-алушы) беретін құжат;

клиент - экспедитормен жасасқан жүктерді теңіз көлігімен жөнелту жөніндегі қызметтер көрсетуді орындауға арналған шарт бойынша немесе осы шартты орындауға байланысты экспедитордың іс-әрекеті нәтижесінде құқықтары және (немесе) міндеттері бар кез келген тұлға;

тасымалдаушы - бұл жолаушыларды, багажды, почтаны және тасымалдау құжаттарында көрсетілгенді тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетуді ұсынатын меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде кемеге иелік ететін жеке немесе заңды тұлға ;

көлік экспедициясының шарты - оған сәйкес экспедитор сыйақы үшін және клиент есебінен оның немесе өзінің атынан осы шартта белгіленген жүкті

тасымалдауға байланысты экспедиторлық қызметтер көрсетуді орындауға немесе орындауды ұйымдастыруға экспедитор міндеттенген шарт;

жүк - жануарларды, контейнерлерді, табандықтарды және буып-түюге немесе тасымалдауға байланысты басқа да заттарды қоса алғанда, экспедитор ұсынбайтын кез келген мүлік;

қауіпті жүк - өзіне тән қасиеттеріне қарай тасымалдау, тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізу және сақтау кезінде жарылысқа, өртке немесе техникалық құралдардың, құрылғылардың, ғимараттар мен құрылыстардың бұзылуына, сондай-ақ адамдардың, жануарлардың өлім-жітіміне, жарақат алуына немесе ауруына себеп болуы, қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін жүк.

2. Теңіз көлігінде экспедиторлық қызметті ұйымдастыру тәртібі

3. Қазақстан Республикасының теңіз көлігіндегі экспедиторлық қызмет осы процеске қатысушының әрқайсысына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сенімді кепілдікті қамтамасыз ететін өзара тиімді тең құқықтық негізде жүзеге асырылуы тиіс.

4. Экспедитор мен клиенттің өзара қатынасы жазбаша нысанда жасалатын көлік экспедициясы шартының талаптарында құрылады. Экспедитор тасымалдаушымен тасымалдау шартын клиент атынан жасасқан жағдайда, тасымалдаушының экспедитормен өзара қатынасы жүк жөнелтушімен сияқты құрылады.

5. Теңіз көлігіндегі экспедиторлық қызмет мынадай қызмет көрсетуді ұсыну арқылы жүзеге асырылады:

1) жөнелту орнынан жеткізу орнына дейін тасымалдауды ұйымдастыру;

2) клиент атынан немесе өз атынан тасымалдау шартын жасасу;

3) көліктік теңіз жүккүжатын және (немесе) тасымалдау құжаттарының жинақталымын, соның ішінде бірыңғай халықаралық тасымалдау құжаттарын ресімдеу;

4) жүкті жаңа мекен-жайға жіберуге өтінімді ресімдеу;

5) жүкті тасымалдауға көрсету;

6) жүкті алу;

7) жүкті клиенттің қоймасынан портқа дейін және порттан клиенттің қоймасына дейін жеткізу;

8) жүкті портта немесе клиент қоймаларында тиеуді, түсіруді (босатуды), қайта тиеуді ұйымдастыру;

9) жүкті іріктеу;

10) жөнелтімдерді жинақтау (жүкті жинау, тарату);

11) жүкті маркалау, қайта маркалау, буып-түю;

12) көлік ыдысы мен орамын жөндеу;

13) жүкті жөнелту, жылжыту (соның ішінде жүктің шекарадан өткені туралы), оның келуі және беру туралы, сондай-ақ ауыстырып тиеу пункттерінде жүкті басқа көлік құралдарына қайта тиеу туралы клиенттерді хабардар ету;

14) жүру жолында жүк қозғалысын байқау;

15) кеменің жүк бөлімдерін және контейнерлерді тазарту, жуу және дезинфекциялау;

16) клиенттерді жүк тасымалдау үшін қажетті түсіргіш жабдықпен және контейнерлермен қамтамасыз ету;

17) клиенттер мен тасымалдаушыға тиектік-пломбалау құрылғыларын беру;

18) жүкті сақтандыруды қамтамасыз ету;

19) тасу төлемдерін, алымдар мен айыппұлдарды, тиеу-түсіру, қойма және өзге де жұмыстарды есептеу және оларға ақы төлеу;

20) коммерциялық актіге қол қою;

21) коммерциялық акті мен өзге құжаттардың негізінде талап-арыздарды
р е с і м д е у ;

22) жүкті тиеу мен бекітудің техникалық талаптарын тасымалдаушымен
ә з і р л е у және к е л і с у ;

23) жүкті сақтау, қоймаға салу;

24) жүру жолында жүкті алып жүруді ұйымдастыру;

25) жеткізу мерзімдері өткеннен кейін жоғалған жүкке іздеу салу;

26) жүк тасымалдау саласындағы консультациялық қызметтер көрсету;

27) жүктің декларациясын жасау;

28) тәуекелдің барлық түрлері бойынша кепілдіктер беру;

29) жүк тасымалына байланысты өзге де қызметтер көрсету.

6. Көлік экспедициясы шартында жүктерді жүйелі түрде тасымалдауға байланысты экспедициялық қызметтер көрсетуді орындау немесе орындауды ұйымдастыру көзделуі мүмкін. Бұл ретте жүктің нақты партиясын тасымалдауға байланысты экспедициялық қызметтер көрсетуді ұсыну экспедиторға клиенттің жекелеген тапсырыстар беруі негізінде жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл жағдайда көлік экспедициясы шартында келісілген экспедициялық қызметтер көрсетуді ұсыну шарттары, егер шартта өзгеше көзделмесе, жекелеген тапсырыс бойынша экспедициялық қызметтер көрсетуді ұсыну шартына қолданылады.

3. Экспедитор және тасымалдаушы

7. Экспедитор экспедициялық қызметтер көрсетуді көлік экспедициясының шартына және экспедитормен келісілген клиент нұсқауларына сәйкес жүзеге
а с ы р а д ы .

8. Көлік экспедициясының шартында экспедитордың жүкті өз күшімен тасымалдауды жүзеге асыру міндеті көзделуі мүмкін.

9. Егер көлік экспедициясы шартынан экспедитор өз міндеттерін жеке орындауға тиістігі туындамаса, экспедитор өз міндеттерін орындауға басқа тұлғаларды тарта алады.

10. Экспедитор :

1) тасымалдауды ұйымдастыру шартына сәйкес тасымалдаушыға тиесілі барлық төлемдерді уақтылы және толық төлеуді қамтамасыз етеді;

2) тасымалдау құжаттарына төлеуші туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді ;

3) тасымалдаушы белгілеген тәртіппен тасымалдаушыға тасымалдау төлемінің растауын ұсынады ;

4) тасымалдау құжаттарын ресімдеу ережесін орындауды және кеден органдарының, фитосанитарлық, карантиндік, шекаралық және өзге де бақылау тарапынан жүкке қойылатын талаптарды орындауды қамтамасыз етеді;

5) егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе шартта өзгеше көзделмесе, тасымалдарды ұйымдастыру туралы шартты орындамау немесе тиесілі орындамау салдарынан тасымалдаушыға келтірілген шығындарды өтейді.

11. Клиенттің нұсқауларынан шегіну қажет болған кезде экспедитор алдын ала клиенттен осындай шегінуге оның келісімі туралы сұрайды.

12. Егер бұл клиент мүддесімен қажет болғанда және іс жағдайы бойынша экспедитор клиенттен мұндай шегінуге оның келісімі туралы алдын ала сұрай алмағанда не өз сұрауына белгіленген мерзімде жауап алмағанда экспедитор клиенттің нұсқауларын орындамайды.

Егер клиенттің нұсқаулары дәл емес, толық емес немесе сенімсіз болса не шартқа сәйкес келмесе және экспедитордың іс жағдайы бойынша клиенттің нұсқауларын нақтылауға мүмкіндігі болмаса, экспедитор клиенттің тәуекелі үшін оның мүддесіне сүйеніп әрекет етеді.

13. Егер шартта өзгеше көзделмесе, экспедитор тасымалдау көлігі мен бағытын таңдайды немесе ауыстырады, жүк тасымалдау тәртібін, сондай-ақ экспедициялық қызметтерді орындау тәртібін өзгертеді.

14. Көлік экспедициясы шартының талаптарымен экспедитордың клиент атынан үшінші тұлғалармен шарт жасасуы, сондай-ақ клиент атынан көлік экспедициясы шартын орындауға байланысты басқа да міндеттерді орындауы көзделген жағдайда клиент экспедиторға сенімхат береді. Көлік экспедициясы шартын орындау бойынша немесе оны орындағанға дейін көлік экспедициясы шартын тоқтату кезінде экспедитор қолдану мерзімі өтпеген сенімхатты клиентке қайтарады.

15. Экспедиторға тасымал шартын клиент атынан жасауға берілген сенімхат экспедиторға жүкті жаңа мекен-жайға жіберуден, талап-арыздар мен талап-қуыным өтінішін беруден, істі аралық сотқа беруден, татулық келісімін жасасқаннан, өкілеттіктерді басқа тұлғаға беруден (қайта сеніп тапсыру), клиентке тиесілі ақшаны алудан басқа, бүкіл іс-әрекетті жасауға мүмкіндік береді.

16. Экспедитордың 15-тармақта көрсетілген әрбір іс-әрекетті жасауға өкілеттігі клиент берген сенімхатта арнайы көзделуі тиіс.

17. Экспедитор жүк қабылдаған кезде экспедитор клиент атынан оның берген сенімхаты негізінде жасаған шарттардың түпнұсқаларын клиентке ұсынады.

18. Экспедитор жүкті жаңа мекен-жайға жіберуге өтінімді клиенттің сенімхаты бойынша ресімдейді.

19. Көлік экспедициясы шарттарын орындау мақсаттары үшін экспедитор тасымалдаушымен мынадай шарттар жасасады:

1) республикалық және халықаралық қатынаста (транзитті қоспағанда) тасымалдауды ұйымдастыру туралы шарт;

2) халықаралық қатынаста транзитпен тасымалдауды ұйымдастыру туралы шарт.

20. Тасымалдауды ұйымдастыру туралы шарттар жасасқан кезде экспедитор тасымалдаушыға мыналарды ұсынады:

- 1) тасымалдаушының бірінші басшысының атына хат;
- 2) ұйым жарғысының, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың нотариалды расталған көшірмелері;
- 3) банкте шоты барын растайтын анықтама.

Ескерту. 20-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.18 № 613; 18.06.2013 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі). Қаулысымен.

21. Т а с ы м а л д а у ы :

1) егер шартта өзгеше көзделмесе, кіре төлемі мен алымын алғанға дейін жүкті тасымалдауға қабылдамайды;

2) халықаралық қатынаста транзитпен тасымалдауды ұйымдастыру туралы шарт экспедитордың міндеттемелерін қамтамасыз етпеген жағдайда бір жақты т ә р т і п п е н б ұ з а д ы ;

3) экспедитордан мемлекеттік органдардың (кеден, шекара, фитосанитарлық және басқаларының) бақылауымен жүкті кедергісіз тасымалдау үшін қажетті құжаттарды ресімдегенге дейін тасымалдауға жүк қабылдамайды;

4) экспедитор баратын станциясында, ал транзиттік тасымал кезінде - жүру жолында кіре төлемдері мен алымдарын төлемеген жағдайда жүкті ұстап қалады;

5) тасымалдау шартының талаптарына сәйкес жүкті Қазақстан Республикасының аумағы арқылы тасымалдауды қамтамасыз етеді;

6) жүкті тасымалдау кезінде кедергілер туындаған жағдайда экспедиторға х а б а р д а р е т е д і ;

7) экспедиторға Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің теңіз көлігімен жүк тасымалын ұйымдастыру мәселелері жөніндегі қолданыстағы нормативтік құқықтық кесімдерінің өзгеруі немесе жаңаларының қабылдануы туралы (халықаралық шартқа сәйкес), соның ішінде тасымалдардың тарифтері мен шарттарының өзгеруі туралы, теңіз порттарының ашылуы, жабылуы және қайта аталуы туралы хабардар етеді;

8) егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе шартта өзгеше көзделмесе, тасымалдарды ұйымдастыру туралы шартты орындамау немесе

тиесілі орындамау салдарынан экспедиторға келтірілген шығындарды өтейді.

22. Жүк тасымалын халықаралық қатынаста транзитпен ұйымдастыру туралы шарттың қолданылуы кепіл, банк кепілдігі және сақтандыру шарты бұзылған, оның қолданылу мерзімі өткен, жарамсыз деп танылған жағдайларда тоқтатылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК